

Халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың 2012 жылға арналған қосымша тізбесін белгілеу туралы

Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 8 желтоқсандағы № 557 қаулы. Қостанай облысы Арқалық қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 27 желтоқсанда № 9-3-157 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 26 желтоқсандағы № 634 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 26.12.2012 № 634 қаулысымен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Занының 5-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Занының 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес Арқалық қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың 2012 жылға арналған қосымша тізбесі белгіленсін:

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі ұйымдардың тұлғалары;

үш ай және одан да артығырақ жұмыс істемеген жұмыссыз адамдар;

бұрын жұмыс істемеген жұмыссыздар (еңбек өтілі жоқ);

қырық бес жастан асқан жұмыссыздар;

маусымдық және уақытша жұмыстардың мерзімі аяқталуына байланысты жұмыстан босатылған жұмыссыздар;

уәкілетті органның жолдамасы бойынша кәсіби даярлықты және (немесе) қайта даярлықты, біліктілігін арттыруды аяқтаған жұмыссыздар;

жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар.

2. "Халықтың нысаналы тобына жататын тұлғалардың 2011 жылға арналған қосымша тізбесін белгілеу туралы" әкімдіктің 2011 жылғы 29 наурыздағы № 121 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 9-3-145 нөмірімен тіркелген, 2011 жылғы 15 сәуірдегі № 14 (347) "Арқалық хабары" газетінде жарияланған) күші жойылды деп есептелсін.

3. Қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Н. Шалдыбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы 2012 жылдың 01 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Т. Төлеубаев

КЕЛІСІЛДІ:

"Арқалық қаласы әкімдігінің

жұмыспен қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің бастығы

_____ К. Омарова

"Арқалық қаласы әкімдігінің қаржы
бөлімі" мемлекеттік мекемесінің
бастығы

_____ А. Мұхамбетжанова

"Арқалық қаласы әкімдігінің экономика
және бюджеттік жоспарлау бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы

_____ Н. Гайдаренко